

"Мемлекет басшысының 2012 жылғы 14 желтоқсандағы "Қазақстан-2050" стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 15 желтоқсандағы № 1611 Қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
«Мемлекет басшысының 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
С. Ахметов

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы "Мемлекет басшысының 2012 жылғы 14 желтоқсандағы "Қазақстан-2050" стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Мемлекет басшысының 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған Мемлекет басшысының 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жалпыұлттық жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Жалпыұлттық жоспар іс-шараларының мүлтіксіз және уақтылы орындалуын, сондай-ақ Мемлекет басшысының 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауының ережелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүйелі негізде жүргізуді қамтамасыз етсін;

2) жыл сайын, 25 қаңтарға және 25 шілдеге, жартыжылдықтың және жылдың қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне

Жалпыұлттық жоспардың орындалу барысы туралы ақпарат берсін.

3. Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың, орталық және жергілікті атқарушы органдардың, басқа да мемлекеттік органдардың бірінші басшылары Жалпыұлттық жоспар іс-шараларының мүлтіксіз және уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін.

4. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

5. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Н.Назарбаев

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

ж е л т о қ с а н д а ғ ы

№ Ж а р л ы ғ ы м е н

БЕКІТІЛГЕН

Мемлекет басшысының 2012 жылғы 14 желтоқсандағы

«Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттік жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспары

Р/с №	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Ж а у а п т ы орындаушылар	Орындалу мерзімі
1	2	3	4	5
«Қазақстан - 2050» стратегиясы - жедел өзгермелі тарихи жағдайдағы жаңа Қазақстанның жаңа саяси бағыты				
	Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруі жөнінде тұжырымдама әзірлеу, ол мынадай шараларды қамтиды: 1) энергияның 2050 жылға қарай барлық жиынтық энергия тұтынудың кемінде жартысы келуі тиіс баламалы және жаңартылатын түрлерінің өндірісін дамыту; 2) мыналар: 2050 жылға қарай отандық өндіріс активтерін ең жаңа технологиялық стандарттарға сәйкес толығымен жаңарту; отандық өндірушілер үшін ең бәсекеге қабілетті салаларда жаңа нарық тауашаларын қалыптастыру стратегиясын әзірлеу; экспортқа бағдарланған шикізат емес секторды кеңейтуге басты назар аударатырып, жаңа өндірістерді дамыту арқылы			

1.	экспорттың жалпы көлеміндегі шикізат емес экспорт үлесін 2025 жылға қарай екі есеге және 2040 жылға қарай үш есеге ұлғайту мақсатында перспективалық технологиялық бағыттарды дамыту сценарийін қоса алғанда, индустрияландырудың келесі кезеңінің егжей-тегжейлі жоспарын әзірлеу; 3) 2030 жылға қарай ғарыштық қызметтер көрсетудің әлемдік нарығында тауашаны кеңейту және толыққанды ғарыш саласын қалыптастыруды аяқтау; 4) төмен көмірсутекті экономикаға жедел көшу мақсатында жетекші екі инновациялық кластерді - Назарбаев Университет және Инновациялық-технологиялар паркін дамыту; 5) 2030 жылға қарай экономикадағы шағын және орта бизнес үлесінің кемінде 2 есеге өсуін қамтамасыз ету; 6) Қазақстан арқылы транзиттік тасымалдар көлемін 2012 жылдың деңгейіне қатысты 2020 жылға қарай 2 есеге, ал 2050 жылға қарай 10 есеге ұлғайту; 7) 2050 жылға қарай ЖІӨ-дегі ауыл шаруашылығы өнімінің үлесін 5 есеге ұлғайту	Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығының жобасы	ЭДСМ, Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Бәсекеге қабілеттілік жөніндегі кеңес үйлестіруші: Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі С.Н. Ахметов	2013 жылғы қыркүйек
2.	Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің (бұдан әрі - МЖЖ) барлық қолданыстағы құжаттарына тексеру жүргізу және жаңаларын әзірлеу кезінде қолданыстағыларының негізгі ережелерінің күшін кейіннен жоя отырып, ықпалдастыруды қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	ЭДСМ, мемлекеттік органдар үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Қ.Н. Келімбетов	2013 жылғы қараша
Б і р і н ш і б а ғ ы т . Жаңа бағыттың экономикалық саясаты - пайда алу, инвестициялар мен бәсекеге қабілеттіліктен қайтарым алу принципіне негізделген түгел қамтитын экономикалық прагматизм				
3.	Менеджменттің қазіргі заманғы құралдары мен мемлекеттік сектордағы корпоративтік басқару қағидаттарын енгізу жөнінде ұсыныстар енгізу	Мемлекет басшысына баяндама	ЭДСМ, МҚІА, Қаржымині, БҒМ үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары Б.Қ. Байбек	2013 жылғы қыркүйек
			ЭДСМ, ИЖТМ, МГМ, БҒМ, Еңбекмині, АШМ, СІМ, «Самұрық-Қазына»	

4.	Отандық кадрларды міндетті түрде оқыта отырып, жаңа экономикалық саясатты іске асыру үшін үздік шетелдік мамандарды тарту жөніндегі шаралар кешенін әзірлеу	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	ҰӘҚ» АҚ, Астана, Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрі Ә.Ө. Исекешев	2013 жылғы сәуір
5.	Бюджет ресурстарын мүмкіндіктер шегінде пайдалануға және мемлекеттік бюджеттің тапшылығын азайтуға, үнемді және ойластырылған бюджеттік-қаржылық процесті қамтамасыз етуге, бюджет қаражатын және Ұлттық қор қаражатын іріктеудің қатаң жүйесін қолдана отырып, ұзақ мерзімді перспектива тұрғысынан өнімді стратегиялық жалпыұлттық жобаларға инвестициялауға бағытталған жаңа бюджет саясатының тұжырымдамасын қабылдау	нормативтік құқықтық актілер	ЭДСМ, Қаржымині, ҰБ, ЕК үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Қ.Н. Келімбетов	2013 жылғы мамыр
6.	Салық жеңілдіктерінің тиімділігін арттыру мақсатында қолданыстағы барлық салық жеңілдіктеріне тексеру жүргізу	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	ЭДСМ, Қаржымині, Әділетмині, «Атамекен» ҰЭП үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары Қ.Н. Келімбетов	2013 жылғы қазан
7.	Салықтық ырықтандыру және кедендік әкімшілендіруді жүйелендіру жөнінде шаралар қабылдау, шаруашылық жүргізуші субъектілердің электрондық есептіліктің толық режиміне кезең-кезеңімен ауысуы арқылы салық есептілігін жеңілдету және барынша азайту	нормативтік құқықтық актілер	Қаржымині, ККМ, ЭДСМ, Әділетмині, «Атамекен» ҰЭП үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Е.Т. Орынбаев	2013 жылғы желтоқсан
8.	М ы н а л а р д ы : 2015 жылдан бастап білім мен медициналық сақтандыруға қаражат салатын компаниялар мен азаматтарды салықтардан босату практикасын; 2020 жылдан бастап салықтық кредиттеу практикасын енгізуді көздейтін ынталандыру шараларының кешенін (тұжырымдамасын) әзірлеу	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ұсыныстар	ЭДСМ, Қаржымині, БҒМ, ДСМ, «Атамекен» ҰЭП үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Қ.Н. Келімбетов	2013 жылғы маусым

9.	М ы н а л а р ғ а : халықтың табысын қорғауды және экономикалық өсу үшін қолайлы инфляция деңгейін ұстауды қамтамасыз е т у ғ е ; банктерді проблемалық кредиттерден тазартуды қамтамасыз ететін қаржы жүйесін реттеуді жетілдіруге; экономиканың басым секторларының қолжетімді ақшалай ресурстарға қажеттілігін қамтамасыз етуге бағытталған ақша-кредит саясатының түбегейлі жаңа жүйесін әзірлеу	нормативтік құқықтық акт	ҰБ, ЭДСМ, Қаржымині, ИЖТМ, АШМ үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Қ.Н. Келімбетов	2013 жылғы сәуір
10	Елдің және квазимемлекеттік сектордың мемлекеттік борышының деңгейін, оның ішінде ЖІӨ-ге қатысты бюджет тапшылығын 2013 жылғы 2,1 %-дан 2015 жылы 1,5 %-ға дейін азайту есебінен тұрақты бақылауды қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	ЭДСМ, Қаржымині, ҰБ, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Қ.Н. Келімбетов	2014-2016 жылдар, қаңтар
11.	«Инфрақұрылымдық орталықтар» құруды, көлік жүйесінің озық инфрақұрылымдарын көздейтін Инфрақұрылымды дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарлама әзірлеу	Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығының жобасы	ККМ, МГМ, ИЖТМ, ЭДСМ, Қаржымині, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ Астана, Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Қ.Е. Көшербаев	2013 жылғы қараша
12.	Өңірде және әлемде бірлескен кәсіпорындар құруды көздейтін Жаһандық инфрақұрылымдық ықпалдастық» бағдарламасын қабылдау	«Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ЭДСМ, ККМ, ИЖТМ, Қаржымині, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Қ.Н. Келімбетов	2013 жылғы қараша
13.	Үшінші индустриялық революцияның нәтижесінде пайда болатын секторларды ескеретін болашақ экономикасын дамытуды ынталандыруға ұлттық компаниялардың қатысуы жөнінде ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	ИЖТМ, МГМ, Қоршаған ортaмині, Э Д С М , «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа	2013 жылғы маусым

			технологиялар министрі Ә.Ө. Исекешев	
14.	2030 жылға қарай Қазақстан арқылы әлемдік ақпараттық ағындардың кемінде 2 -3 %-ын, ал 2050 жылға қарай кемінде 5 %-ын өткізуді қамтамасыз ету мақсатында ақпараттық технологиялар саласындағы транзиттік әлеуетті дамытуды ынталандыру жөнінде ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	ККМ, ИЖТМ, ЭДСМ, «Самұрық Қазына» ҰӘҚ» АҚ үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Қ.Е.Көшербаев	2013 жылғы маусым
15.	М ы н а л а р : жоғары әлемдік сұранысты ел мүддесіне пайдалану үшін табиғи ресурстардың әлемдік нарықтарында өндіру және жеткізу қарқындарын ұлғайту; шетелдік инвестицияларды өндірудің және шикізат өңдеудің заманауи технологияларын жеткізу, сондай-ақ ең жаңа өндірістерді құру шарттарында ғана тартуға жағдайлар жасау; өндіруші кәсіпорындардың экологиялық зияны жоқ өндірісті ғана енгізуі; көмірсутек шикізатының стратегиялық «резервін» құру; ішкі нарықты жаңа экологиялықтың жаңа стандарттарына сәйкес отандық өндірістің жанар-жағармай материалдарымен қамтамасыз ету бойынша шараларды көздейтін Табиғи ресурстарды тиімді басқару және шикізат секторынан түсетін кірісті пайдалану жөніндегі тұжырымдаманы әзірлеу	Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығының жобасы	МГМ, ИЖТМ, Қоршағанорттамині, ЭДСМ, Қаржымині, АЭА, «Самұрық Қазына» ҰӘҚ» АҚ үйлестіруші:Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі С.Н . Ахметов	2013 жылғы қыркүйек
16.	Үдемелі индустриялық-инновациялық даму жөніндегі мемлекеттік бағдарламаға: өнеркәсіптік қуаттар импорты және технологиялармен алмасу; бірлескен халықаралық компаниялар мен ел үшін пайдалы әріптестіктер құру және дамыту бойынша өзгерістер енгізу	Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығының жобасы	ИЖТМ, ККМ, АШМ, М Г М , «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрі Ә.Ө. Исекешев	2013 жылғы қыркүйек
17.	«Жасыл көпір» халықаралық ұйымын құру жөнінде ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	Қоршағанорттамині үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер - Министрінің орынбасары Қ.Е. Көшербаев	2013 жылғы қараша

18.	Алматы маңындағы серіктес қалалар базасында Green4 жобасын іске асыруға кірісу	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	Қоршағанортамині, ҚТКША, ИЖТМ, ЭДСМ, Алматы қаласының және Алматы облысының әкімдері үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Қ.Е. Көшербаев	2013 жылғы шілде
19.	М ы н а л а р ғ а : азық-түлікке артып келе жатқан жаһандық сұранысты ескере отырып, ауыл шаруашылығын ауқымды жаңғыртуды және ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау көлемін 2020 жылға карай 4,5 есе ұ л ғ а й т у д ы ; шығымдылықтың елеулі өсуін; егістік алқаптарын ұлғайтуды; жаңа технологияларды енгізуді; мал шаруашылығының әлемдік деңгейдегі жемшөп базасын құруды; жаппай өндіру ірі экспорт нарықтарын игеруге мүмкіндік беретін азық-түлік өнімдерінің түрлерін айқындауды; елдің экологиялық таза өндіріс саласындағы жаһандық ойыншылар қатарына кіруін қамтамасыз ете отырып, экологиялыққа баса назар аударумен бәсекеге қабілетті ұлттық брендтер қ ұ р у д ы ; ең жаңа агротехнологияларды енгізуге бағытталған орташа және ірі тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін құру жөнінде жүйелі заңнамалық және экономикалық шаралар қабылдауды; берілгеннен кейін белгілі бір кезең ішінде игерілмей жатқан жерлерге жоғарылатылған салық ставкаларын енгізуді қамтитын елдің агроөнеркәсіп кешенін дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасын қабылдау	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ, «КазАгро» ҰБХ үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Қ.Е. Көшербаев	2013 жылғы маусым
20.	М ы н а л а р д ы : 2020 жылға дейінгі бірінші кезеңде: халықты сумен қамтамасыз ету проблемаларын шешуді; сумен қамтамасыз етудің проблемаларын, оның ішінде жерасты суларын өндіру мен пайдаланудың жаңа технологияларын, ылғал үнемдеуші технологияларды қолдану есебінен шешудің озық тәжірибесін енгізуді;	Қазақстан Республикасы	А Ш М , Қоршағанортамині, ҚТКША, ЖРБА, ЭДСМ, МАМ, БҒМ, ИЖТМ, ДСМ, СІМ, Астана, Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері	2013 жылғы қазан

	су үнемдеуді ақпараттық насихаттау бойынша жүйелі негізде шаралар жүргізуді; 2040 жылға дейінгі екінші кезеңде - суармалы диқаншылық қажеттіліктерін қамтамасыз етуді көздейтін "Қазақстанның су ресурстарын басқару" мемлекеттік бағдарламасын әзірлеу	Президенті Жарлығының жобасы	үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Қ.Е. Көшербаев	
Е к і н ш і Ұлттық экономиканың жетекші күші - кәсіпкерлікті жан-жақты қолдау				
21.	М ы н а л а р : қолдау мен ынталандырудың тиісті жүйесін құра отырып, шағын және орта бизнестің бірлестігін және кооперациясын көтермелеу; жергілікті бизнес бастамаларды және ең төменгі, бірақ қатаң реттеуді көтермелеу жолымен ішкі нарықты дамыту; бизнесті дамытуға бөгет жасайтын шенеуніктер үшін қатаң жауапкершілік жүйесін енгізу; ұсақ кәсіпорындар мен дара кәсіпкерлердің белсенді өсуі және орта бизнес санатына өтуі үшін жағдайлар мен алғышарттар жасау; отандық өндірушілерді қолдау, БЭК шеңберінде олардың мүдделерін қорғау және ілгерілету, сондай-ақ алдағы ДСҰ-ға кіру тетіктерін жетілдіру бойынша шаралар кешенін қабылдау.	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	ЭДСМ, Қаржымині, ИЖТМ, МҚА, ККМ, АШМ, Әділетмині, МГМ, БП, Астана, Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері, «Атамекен» ҰЭП үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Е.Т. Орынбаев үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Қ.Н. Келімбетов	2013 жылғы шілде
22.	Заңнамаға микро, шағын, орта және ірі бизнес ұғымдарының аражігін нақты ажыратуға бағытталған өзгерістер енгізу	нормативтік құқықтық актілер	ЭДСМ, Қаржымині үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Е.Т. Орынбаев	2013 жылғы желтоқсан
23.	Қазақстан азаматтарының тыныс-тіршілігінің қауіпсіздігіне тікелей ықпал етпейтін барлық рұқсаттар мен лицензияларды хабарламаларға ауыстыра отырып алып тастау	нормативтік құқықтық актілер	ЭДСМ, орталық мемлекеттік органдар үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Е.Т. Орынбаев	2013 жылғы маусым
24.	Бизнестің ұсынылатын тауарлар, жұмыстар мен қызметтер сапасын бақылау мәселелерін дербес реттеуі үшін заңнамалық негізде жағдайлар жасау	нормативтік құқықтық акт	И Ж Т М , » « Самұрық-Қазына» ҰОҚ» АҚ	2013 жылғы шілде
25.	Тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың сот шешімдерін қабылдаудың	нормативтік құқықтық акт	БҚА, ЖС үйлестіруші: Қазақстан Республикасы	2013 жылғы шілде

	жеңілдетілген тәртібін көздейтін жаңа жүйесін әзірлеу		Премьер-Министрінің орынбасары Қ.Н. Келімбетов	
26.	Қазақстан Республикасының Парламентіне кәсіпкерлердің Палатаға міндетті мүшелігін, сондай-ақ оған мемлекеттік органдардың кәсіптік-техникалық білім беру, сыртқы экономикалық қызмет, шағын бизнесті, әсіресе моноқалалар мен ауылдық жерлерде қолдау саласындағы өкілеттіктері мен функцияларының бір бөлігін беруді көздейтін Кәсіпкерлердің ұлттық палатасы туралы заң жобасын енгізу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	ЭДСМ, БҒМ, Еңбекмині, «Атамекен» ҰЭП, Астана, Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Е.Т. Орынбаев	2013 жылғы желтоқсан
27.	«Атамекен» ҰЭП тарта отырып, жекелеген мемлекеттік кәсіпорындарды, квазимемлекеттік компаниялар мен стратегиялық емес сипаттағы өзге де ұйымдарды жеке меншік секторға беру жолымен жекешелендіру жөнінде ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	ЭДСМ, Қаржымині, БҚА, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, Астана, Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері, «Атамекен» ҰЭП үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Қ.Н. Келімбетов	2013 жылғы қараша
Ү ш і н ш і б а ғ ы т . Әлеуметтік саясаттың жаңа принциптері — әлеуметтік кепілдіктер мен жеке жауапкершілік				
28.	Экономиканың өсуін ескере отырып, өмір сапасының стандарттарын кезең-кезеңімен арттыруды көздейтін Азаматтар үшін ең төменгі әлеуметтік стандарттар мен кепілдіктер туралы Қазақстан Республикасының Заңын әзірлеу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	ЭДСМ, Еңбекмині, БҒМ, ДСМ, ҚТҚША, СДША, МАМ, Қаржымині, Қоршаған ортамині, ТМРА үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Е.Т. Орынбаев	2013 жылғы желтоқсан
	Еңбек нарығының қажеттілігіне бағдарлай отырып: - «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасын; - Білім беруді дамытудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасын;		Еңбекмині, Астана, Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері, БҒМ, Астана және Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Е.Т. Орынбаев	

29.	- Үдемелі индустриялық-инновациялық даму жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны ;	нормативтік құқықтық актілер	ИЖТМ, Еңбекмині, БҒМ, Астана, Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрі Ә.Ө. Исекешев	2013 жылғы қыркүйек
30.	Заңнамаға жұмыссыз азаматтардың қайта оқуы және жаңа кәсіп алуы шартымен оларға әлеуметтік қолдау көрсету мәселелері бойынша өзгерістер енгізу	нормативтік құқықтық актілер	Еңбекмині, БҒМ, Астана, Алматы қалаларының және облыстардың әкімдері үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Е.Т. Орынбаев	2013 жылғы желтоқсан
31.	Жұмыс берушілерді халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарын, ең алдымен мүмкіндігі шектеулі адамдарды еңбекақымен қамтамасыз ете отырып, оларды жұмысқа белсенді тартуға ынталандыратын жағдайлар жасау	нормативтік құқықтық актілер	Еңбекмині, ЭДСМ, Қаржымині үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Е.Т. Орынбаев	2013 жылғы желтоқсан
32.	Өңірлерде қажетті және перспективалы жобалардың тізбесін айқындау және тарифтеу	Өңірлік саясат мәселелері жөніндегі ВАК шешімі	ЭДСМ, Өңірлік саясат мәселелері жөніндегі ВАК үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Қ.Е. Көшербаев	2013 жылғы желтоқсан
33.	Шағын қалаларды дамыту, олардың базасында өңірлердің салалық мамандануын ескере отырып, тиісті индустриялық жобаларды іске асыру есебінен ірі агломерациялардың индустриялық-өндірістік серіктес қалаларын қалыптастыру жөнінде ұзақ мерзімді бағдарлама әзірлеу	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ЭДСМ, Өңірлік саясат мәселелері жөніндегі ВАК, Астана, Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Қ.Е. Көшербаев	2013 жылғы желтоқсан
34.	Көші-қон проблемаларын шешу, шектес мемлекеттерден көші-қон ағындарын бақылауды күшейту, отандық білікті кадрлардың шетелдік еңбек нарығына		ІМ, Еңбекмині, БҒМ, ЭДСМ, СІМ үйлестіруші: Қазақстан Республикасы	2013 жылғы қазан

	шамадан тыс кетуін болдырмау үшін оларға қолайлы жағдайлар жасау жөнінде кешенді жоспар әзірлеу	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Премьер-Министрінің орынбасары Е.Т. Орынбаев	
35.	Шекара маңындағы аудандарды дамыту жөніндегі шаралар кешенін әзірлеу	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ЭДСМ, ККМ, АШМ, ИЖТМ, ҰҚК, ИМ, Еңбекмині, ҚТКША, ЖРБА, «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, «Зерде» АҚ, Астана, Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Қ.Е. Көшербаев	2013 жылғы қараша
36.	Кәсіпкерлікті дамыту және бизнесті қолдау бойынша бұдан бұрын қабылданған бағдарламалардың бәрін қорыта келгенде жұмыс орындарын нақты құруға, жұмыссыз халықты жұмысқа орналасуға бағдарлай отырып ықпалдастыру	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	ЭДСМ, ИЖТМ үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Е.Т. Орынбаев	2013 жылғы сәуір
37.	Жұмыссыздар мен табысы аз адамдардың деңгейі жоғары өңірлерге бюджет қаражатын бөлудің тетіктерін әзірлеу	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	ЭДСМ, Қаржымині, Астана, Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Қ.Н. Келімбетов	2013 жылғы қазан
38.	Кәсіптік одақтар туралы Қазақстан Республикасының жаңа Заңын әзірлеуді қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	Еңбекмині, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Е.Т. Орынбаев	2013 жылғы сәуір
39.	Еңбекақы төлеуге және үйлесімсіздіктерді қысқартуға қатысты жаңа тәсілдерді әзірлеу	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	Еңбекмині, ЭДСМ, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Е.Т. Орынбаев	2013 жылғы сәуір
			БҒМ, Астана, Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері	

40.	Азаматтардың жетімдерді асырап алуын мемлекеттің көтермелеуі және отбасы үлгісіндегі балалар үйлерін салу жөнінде шаралар тұжырымдау	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Е.Т. Орынбаев	2013 жылғы сәуір
41.	Ана мен балаға қарсы бағытталған қылмыстар үшін, сондай-ақ осы саладағы ең ұсақ жазаларға дейінгі бұзушылықтар үшін жазаларды қатаңдату бөлігінде заңнамаға өзгерістер енгізу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	БП, ИМ, Әділетмині, БҒМ, Еңбекмині үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Е.Т. Орынбаев	2013 жылғы қараша
42.	Жеңілдікті салық салу, медициналық және әлеуметтік қызмет көрсету, еңбек нарығында жаңа мүмкіндіктер беру және т.б. сияқты материалдық және материалдық емес ынталандыруларды қамтитын іс-шаралар кешенін әзірлеп, бала тууды ынталандыру және көп балалы болуды қолдау жүйесін реформалау	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	Еңбекмині, Қаржымині, ЭДСМ, ДСМ, Астана, Алматы қалаларының әкімдері үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Е.Т. Орынбаев	2013 жылғы желтоқсан
43.	Қоғамдық, экономикалық және еңбек салаларында гендерлік теңдік саясатын одан әрі жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	ӘЮДСҰК, Еңбекмині, МҚІА, МАМ үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Е.Т. Орынбаев	2013 жылғы маусым
44.	М ы н а л а р д ы : сапалы және қолжетімді медициналық қызметтер ұсынуды; аурулардың барынша кең спектрін диагностикалауды және емдеуді; профилактикалық медицинаны аурулардың алдын алудағы негізгі құрал ретінде дамытуды, сондай-ақ халықпен ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізуді; «смарт-медицина», қашықтықтан профилактика және емдеу, «электрондық медицина» қызметтерін енгізуді көздей отырып, медициналық қызметтер сапасының жаңа бірыңғай стандарттарын енгізу, сондай-ақ медициналық ұйымдарды материалдық-техникалық жарақтандыруды жетілдіру және біріздендіру жөнінде ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	ДСМ, МАМ, ККМ, ЭДСМ үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Е.Т. Орынбаев	2013 жылғы желтоқсан
45.	Ең төменгі өмір стандарттарында 16 жасқа толмаған балаларды медициналық қызмет көрсетудің барлық спектрімен қамтуды заңнамалық бекітуді қоса алғанда, балалардың денсаулығын қамтамасыз	Қазақстан Республикасы	ДСМ, Қаржымині, ЭДСМ, БҒМ үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің	2013 жылғы қыркүйек

	етудің жаңа тәсілдерін енгізу жөнінде ұсыныстар енгізу	Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	орынбасары Е.Т. Орынбаев	
46.	Медициналық жоғары оқу орындарын орта деңгейдегі мамандандырылған білім беру мекемерінің желісімен бекіту бойынша, сондай-ақ күнделікті практиканы оқу процесіне кіріктіру бойынша нақты мерзімдерін көрсете отырып ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	ДСМ, Қаржымині, ЭДСМ, БҒМ, облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдері үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Е.Т. Орынбаев	2013 жылғы мамыр
47.	2011 - 2015 жылдарға арналған "Саламатты Қазақстан 2020" Қазақстан Республикасында денсаулық сақтауды дамытудың мемлекеттік бағдарламасын медициналық жоғары оқу орындарының практикалық ғылыми-зерттеу жұмыстарының маңызын күшейту, сондай-ақ оларға жаңа білім мен технологиялық жетістіктерді шоғырландыру тұрғысынан түзеу жөнінде ұсыныс енгізу	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ұсыныстар	ДСМ, БҒМ, «Назарбаев университеті» ДБҰ үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Е.Т. Орынбаев	2013 жылғы желтоқсан
48.	Жеке меншік медицинаны дамыту үшін жағдайлар жасау жөнінде ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ұсыныстар	ДСМ, БҚА облыстардың Астана, Алматы қалаларының әкімдері үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Е.Т. Орынбаев	2013 жылғы желтоқсан
